

Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10845 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 49) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 27 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 27 ақпандағы

Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу қағидалары "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 49) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу (бұдан әрі – шектеулер мен тыйым салу) тәртібін айқындайды.

2. Шектеулер мен тыйым салу жануарлар дүниесінің объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында белгіленеді.

3. Жануарлар дүниесінің объектілерін сақтау мақсатында шектеулер мен тыйым салу олардың мекендеу аймақтарының (таралу облыстарының) географиялық, климаттық ерекшеліктері ескеріле отырып белгіленеді.

4. Шектеулер мен тыйым салу:

1) аумақтылығы бойынша: Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, өңіраралық, бассейндік деңгейде, жекелеген аумақтық бірліктердің немесе олардың бір бөліктерінің әкімшілік шекараларында, сондай-ақ жекелеген аңшылық алқаптарда, су айдындарда және (немесе) учаскелерінде;

2) мерзімі бойынша: тұрақты түрде (қолданылу мерзімдерін көрсетпестен), белгілі бір мерзімдерге, не болмаса белгіленген мерзімді ауыстыруға;

3) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын олжалау әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолдану бойынша;

4) жануарлардың жекелеген түрлерін немесе топтарын, олардың белгілі бір тараламдарын алу нормаларын шектеу және өзгерту қажеттігі туындаған кезде жануарлардың түрлері бойынша не жынысы немесе жасы бойынша;

5) жануарлар дүниесін объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдаланушылар санын шектеу бойынша белгіленеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.08.2017 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Шектеулер мен тыйым салуды белгілеу тәртібі

5. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) биологиялық негіздемелер

түрінде ғылыми ұйымдар берген ұсынымдардың түсуіне қарай шектеулер мен тыйым салуларды белгілеудің, сондай-ақ оларды түзетудің орындылығын қарайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.08.2017 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ведомство жануарлар дүниесінің объектілерін сақтауға, сондай-ақ олардың мекендеу және көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған шектеулер мен тыйым салу бойынша ұсыныстарды ескереді.

7. Жергілікті атқарушы орган биологиялық негіздеменің мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 05.03.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу, сондай-ақ оларды түзету қажет орынды болған жағдайда ведомство мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен биологиялық негіздемеге сәйкес жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар енгізу туралы шешім қабылдайды, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілейді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымдардың ұсынымы бойынша тыйым салудың жалпы ұзақтығын өзгертпестен, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға тыйым салу мерзімін табиғи-климаттық жағдайларға байланысты қайсыбір жағына күнтізбелік он бес күнге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 05.03.2022 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Белгіленген шектеулер мен тыйым салудың орындалуын бақылауды ведомство мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.